

БЕКІТЕМІН

«Ақмола облысы білім басқармасының
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі
Новоселовка ауылының жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ

Айтпаева А.Ж.

« » 2022ж

**2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстардың
қорытынды есебі.**

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Новоселовка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жанындағы «Келешек» шағын орталығы

2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жүйесі МДҰ-ның жылдық міндеттерін шешуге бағытталған.

1. Жалпы сипаттамасы

Барлығы 33

Ұл 14

Қыз 19

Жыл бойы балалар жас ерекшеліктеріне, даму мүмкіндіктеріне сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына, ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 17 қазанда № 30183 болып тіркелген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығына, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысына, ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес дамудың барлық бағыттары бойынша оң қарқынды көрсетті. Барлық балалар бөбекжайға жақсы бейімделді.

«Келешек» шағын орталығында жыл бойында 2 топ құрылған болатын , 1 топ кіші топ, 2 топ ортаңғы топ оқытылды:

Оқу жылы	Мектепке дейінгі кіші жас	Мектепке дейінгі ортаңғы жас
2022 – 2023 о.ж.	19	14

2. 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық мақсат;

Оқу тәрбие процесінде театрландырылған әрекеттерді қолдану арқылы балалардың сөйлеу құзіреттілігін дамыту.

Міндеттері:

Қатынас саласы бойынша заттық-дамытушы ортаны модельдеу.

Әр баламен және балалар арасындағы сапалы маңызды өзара әрекеті арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнату.

Ата-аналарды театрландырылған қызметке баулу арқылы бірлесе отырып балалардың пассивті және белсенді сөйлеуін дамыту. 2021-2022 оқу жылының қорытындысына сәйкес жыл басында бөбекжайдың білім беру-тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын анықтау мақсатында әдіскер Кап Айгерим:

- педагогтермен «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту мәселелеріндегі педагогтердің құзыреттілігін бағалау» тақырыбына сауалнама,
- тәрбиеленушілермен алдын ала жүргізілген ҰОӘ-де балалардың тілдік нормаларды игеру деңгейін бақылау нәтижелеріне сәйкес,
- ата-аналармен "Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту" тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес бөбекжайдың тәрбие мен білім беру процесінің бағытын анықтап, №1 Педагогикалық кеңеске ұсынды. Ұсыныс педагогикалық ұжыммен қаралып, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, даму мүмкіндіктеріне қарай негізделіп бекітілді.

Шағын орталықтың білім беру-тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

Мақсаты: педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту. Өз білімін жетілдіру. Педагогтардың әдістемелік деңгейін және кәсіби біліктілігін арттыру.

№	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	МДҰ педагогикалық қызметкерлерімен іске асырылатын жұмыстың жаңа формалары	Жыл бойы	Кап Айгерим- ДОТІЖ орынбасары
2	Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін дамыту жолдары	Жыл бойы	Кап Айгерим- ДОТІЖ орынбасары
3	«Ұлттық ойындар» Мақсаты:Мектепке дейінгі балалардың денсаулығын нығайтып, дене бітімдерін дамыту әдістерінің бірі-ұлттық ойындар арқылы ұлттық тәрбиенің маңызы.	Жыл бойы	Анис Майка - ДТІЖ орынбасары Халхабай Балдаурен
4	«Көлеңке театры» Мақсаты – қуыршақ театры өнері арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың көлеңкелі театр туралы түсініктерін кеңейту, олардың театр өнерін меңгеру; Балалардың ой-өрісін кеңейту, қиялын дамыту және эмоционалды-бейнелі сферасын байыту.Сөйлеу мәдениеті мен қарым-қатынас дағдыларын дамыту.Балалардың қиялын, кеңістіктік ойлауын, сөйлеуін және есте сақтауын дамыту.	Жыл бойы	Анис Майка- ДТІЖ орынбасары Халхабай Балдаурен
5	«Сахналау қойылымдар» Мақсаты: Сол себепті ересек тобындағы балаларға ертегі оқу арқылы сөйлеуге,байланыстырып сөйлеуге, өз ойларын әдемі жеткізіп баяндауға, тыңдағанын есте сақтап, мазмұндап айтуды үйрету.	Жыл бойы	Халхабай Балдаурен

6	«Саусақ театры» Мақсаты: Саусақ театры арқылы балалардың тілін, қызығушылығын арттыру және эстетикалық тәрбие берудің әдістерін анықтау және оларды үрдісті ұйымдастыру әрекетіне енгізу. Міндеттері: Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру. Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу. Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ес - кере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.	Жыл бойы	Халхабай Балдаурен
7	«Қуыршақ театры» Мақсаты: Театрландырылған қойылымдар арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру, өмірлік оң көзқарастарын тәрбиелеу. Міндеттері: — театрландырылған қойылымдар арқылы балалар тілін дамыту; — сөздік қорларын байыту; — ауызша сөйлегенде дыбыстарды анық айтуға үйрету; — кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу; — байланыстырып сөйлеуге дағдыландыра отырып, шығарма барысын, мазмұнын ұғынуға, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету;	Жыл бойы	Халхабай Балдаурен
8	«Қабырғадағы театр» Мақсаты: Балалардың сөйлеуін белсендіру, сөздік қорын молайту, диалогтік сөйлеудің алғы шарттарын дамыту. Психикалық процестерді дамыту (ойлау, есте сақтау, зейін, қиял, қиял)	Жыл бойы	Халхабай Балдаурен

	Жеке қасиеттерді арттыру (достық, серіктестік, коммуникативті дағдылар)		
9	Коучинг. “Бала неге кеш сөйлейді?” Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық және моторлық қимыл қозғалысын дамыта отырып рөлдік ойындар арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: Қатынас саласы бойынша заттық-дамытушы ортаны толықтыру, қимылды ойын түрлеріне көп көңіл бөлу.	Қараша	Кап Айгерим- ДОТІЖ орынбасары
10	Менторинг. «Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері». Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларға театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру және өткізу жөнінде жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. Күтілетін нәтиже: Педагогтардың арасында сенімді қарым –қатынас орнап, өз білімдерін толықтырады.	Қазан	Анис Майка- ДТІЖ орынбасары
11	Менторинг. “Саусақтар сөйлейді” Мақсаты: Саусақ ойындары арқылы балалардың есте сақтау қабілеті және өз бетімен кейіпкер рөлін таңдауға , топтасып рөлге еніп ойнауға жағдай жасау. Күтілетін нәтиже: Балалар рөлге еніп ойнайды. Командада бірігіп ойнау арқылы кейіпкерлерге еліктеп, өз ойын ашық айтуға үйренеді.	Қараша	Мухитова К.С. - ДОТІЖ орынбасары Тәжірибелі педгогтар
12	Театр күні: «Қазақ ертегілері әлеміне саяхат» Мақсаты: Балалардың шынайы өмірдегі және қиялындағы жағдаяттарға сүйене отырып , олардың әлеуметтік тұрғыда дамуына ықпал жасау. Күтілетін нәтиже: Балалардың эмоциялық көңіл –күйлері қалыптасып, белсенді сөйлеу қабілеттері дамиды.	Әр сәрсенбі сайын	Анис Майка- ДТІЖ орынбасары Тәрбиешілер
13	Мәнерлеп оқу сайысы. “Кел, балалар оқылық...”. (топтар арасында) Мақсат: Балалардың назарын аудару, жұбату, көңілдендіру . Баланың өміріндегі бүкіл үдерісті қолдай отырып, көркем шығармалардың мазмұнына сай ересек өмірдегі дағдыларға дайындау.	Әр тақырыптық іс-шараға сай	Мухитова К.С. - ДОТІЖ орынбасары Халхабай Балдаурен

	Күтілетін нәтижелер: Өлең мазмұны арқылы балалардың танымдық қабілеттері қалыптасып, сөздік қорлары молаяды.		
14	Бүгін бізде қонақта.«Ертегі айта білемізбе? » Мақсаты: Ата-аналарды өтпелі тақырыптарға сай тәрбие-білім процесіне тарта отырып, балалардың сөздік қорының молайтуды бірлесе ұйымдастыру. Күтілетін нәтиже: Көркем шығармалар балалардың танымдық дамуына, өздерінің мүмкіндіктері мен ішкі сенімсіздігін еліктеу, жанашырлық сезімдері арқылы жеңіп батыл шешім қабылдауға көмектеседі. (өз ойын толық жеткізуге)	Әр сейсенбі сайын	Кап Айгерим- ДОТІЖ орынбасары Тәрбиешілер

Осы кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттер тәрбие мен оқыту процесінде шағын орталықтың 2022–2023 оқу жылына жылдық жұмыс жоспарына сәйкес негізгі жылдық міндеттерге сүйене отырып өткізілді.

Топ тәрбиешілеріне келесі міндеттер қойылды:

-Қатынас саласы бойынша заттық-дамытушы ортаны модельдеу.

-Әр баламен және балалар арасындағы сапалы маңызды өзара әрекеті арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнату.

-Ата-аналарды театрландырылған қызметке баулу арқылы бірлесе отырып балалардың пассивті және белсенді сөйлеуін дамыту.

Сонымен қатар шағын орталықтың білім беру-тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру мақсатында әдіскер Кап Айгерим., «Бала неге кеш сөйлейді?» тақырыбында коучинг өткізді.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық және моторлық қимыл қозғалысын дамыта отырып рөлдік ойындар арқылы сөйлеу дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже: Қатынас саласы бойынша заттық-дамытушы ортаны толықтыру, қимылды ойын түрлеріне көп көңіл бөлу. Тәжірибелі педагог Анис Майка., «Театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру бойынша жұмыстардың заманауи түрлері мен әдістері» тақырыбына менторинг ұйымдастырып жас мамандарға көмек көрсетті.

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балаларға театрландырылған әрекеттер ұйымдастыру және өткізу жөнінде жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету.

Күтілетін нәтиже: Педагогтардың арасында сенімді қарым –қатынас орнап, өз білімдерін толықтырды.

Тәлімгерлік жұмыс жоспарына сай “Саусақтар сөйлейді” менторингін педагог-сарапшы Мухитова К.С., ұйымдастырды.

Мақсаты: Саусақ ойындары арқылы балалардың есте сақтау қабілеті және өз бетімен кейіпкер ролін таңдауға , топтасып рөлге еніп ойнауға жағдай жасау.

Күтілетін нәтиже: Балалар рөлге еніп ойнайды. Командада бірігіп ойнау арқылы кейіпкерлерге еліктеп, өз ойын ашық айтуға үйренеді.

Жыл бойы күн тәртібі және балалардың балабақшада болуына қойылатын барлық санитарлық-гигиеналық талаптар қатаң сақталынды. Жоспарға сәйкес әр баланың және жалпы топтың дамуының оң қарқынын растаған тәрбиеленушілерге медициналық, педагогикалық тексеру жүргізілді.

3. МЖМБС барлық білім беру дағдылары бойынша жұмысты талдау. Педагогикалық диагностика нәтижелерін жалпылама талдау.

Балалармен ағымдағы жылға бекітілген оқу жоспарына, бес білім беру дағдылары бойынша тікелей білім беру қызметінің кестесіне сәйкес ұйымдастырылған ойын әрекеттері жүйелі түрде өткізілді: Физикалық қасиеттерді дамыту, Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

2022–2023 оқу жылындағы шағын ортпалықтың негізгі жалпы білім беру бағдарламасын балалардың меңгеру сапасының мониторингі келесі нәтижелерді көрсетті (барлық білім беру салалары бойынша кесте немесе диаграммалар):

Тәрбиелеу-білім беру процесі (ҰӘ)	Жыл басында бағдарламаны меңгеру деңгейі	Жыл соңында бағдарламаны игеру деңгейі
Физикалық қасиеттерді дамыту	Жоғары 78/% Орта 18/% Төмен 3%	Жоғары 83/% Орта 16/% Төмен 1/%
Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.	Жоғары 68% Орта 23/%	Жоғары 65/% Орта 29/%

	Төмен 9/%	Төмен 7/%
Коммуникативтік дағдыларды дамыту.	Жоғары 64/% Орта 28/% Төмен 8/%	Жоғары 60/% Орта 34/% Төмен 6/%
Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.	Жоғары 63/% Орта 35/% Төмен 5/%	Жоғары 62/% Орта 33/% Төмен 5/%
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.	Жоғары 74/% Орта 17/% Төмен 10/%	Жоғары 68/% Орта 20/% Төмен 12/%

Ескерту: Бастапқы диагностика көрсеткішінің қорытындыдан кішкене жоғары болуы бастапқы диагностика өлшемшарттары әр жас ерекшеліктерінің бір жас кіші өлшемшарттарының қорытынды өлшемшарттары арқылы талдалынады.

Тәрбиелеу мен оқытудың мазмұны, әдістеріне қойылатын талаптардың орындалуын талдау, сондай-ақ балалардың бағдарламалық материалды меңгеруін талдап оқытудың, тәрбиелеу мен дамытудың барлық бағыттары бойынша тұрақтылық пен оң қарқынды көрсетеді.

Бұл үдеріске тәрбиешілер, мамандар, әкімшілікпен ата-аналардың тығыз ынтымақтастығы, сондай-ақ әр балаға жеке көзқарас пен дамыта оқыту тәсілдерін пайдалану оң әсер етеді.

Балалардың сабақ барысында алған білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде бекіту және балалар қызметінің әртүрінде қолдануды жалғастыру қажет. Тиісті білімді, білік пен дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін әртүрлі дәстүрлі және дәстүрлі емес жұмыс әдістерін пайдалануға ерекше назар аудару қажет.

4. Ең маңызды іс-шараларды олардың мәртебесін (шағын орталық ішінде, ауылдық немесе аудандық деңгей) және нәтижелерін (жеңімпаз немесе қатысушы) көрсете отырып талдау.

Жылдың ішінде топта балалармен келесі шаралар өткізілді:

«Білім күні!», «Қариялар күні», «Туған тілім-баға жетпес байлығым!», «Денсаулық күндері», «Республика күні!», «Күз сыйы», «Тәуелсіздік күні!», «Жаңа жыл келді!», «Аналар мерекесі», «Наурыз жыл басы!», «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік!», «Татулық бірлікте! Халқым менің қонақжай!», «Ұлы Жеңіс күні!», «Отбасы күні!», «Балабақшамен қоштасу»

Балалардың конкурстарға қатысу нәтижелері туралы мәліметтер:(мысалы: эксперименттік жұмыста жоба іске асырылды және т. б.).

Өткізілген шаралар барысында оң және теріс нәтижелер алынды:

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ұйымдастыруымен «Мен зерттеушімін» байқауына Шортанды ауданық кезеңінен «Қағаз қасиеттері» тақырыбында Жақсылыықова Алуа, (4-жас) тәрбиешісі Халхабай Балдаурен ІІІ орын, Айғалым Ясина (4 жас) тәрбиешісі Халхабай Балдаурен «Ұн және оның қасиеттері» ІІІ-орын, «Балалаық шағымның шуақты биі» аудандық би байқауынан 3- орын Дипломмен, Ермекова А, Бақболат А, Сонгыбай А, Ержан Қ, Иман Н.; Ал Жайқалып Т «Жайдарлы жаз» сурет байқауынан ІІ орын алғаны үшін Мадақтамамен марапатталды.

Алынған нәтижелерді талдау нәтижесінде келесі жылы балалармен шаралар өткізу кезінде шығармашылық және эксперименттік жобалық жұмыстарға ерекше назар аудару қажет деген қорытынды жасалды.

2022/2023 оқу жылындағы педагог кадрлардың сандық және сапалық құрамы

Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары

		Оның ішінде педагогикалық білімі бойынша			Оның ішінде санаты барлар							
Барлы қ	Жоғ ары	Оның ішінде мектеп ке дейінгі жоғары	Орта арнаулы	Оның ішінде мектепк е дейінгі орта арнаулы	Жоғары (%)	Бірінш і (%)	ІІ санатты меңгеруші(%)	Екінші (%)	Педагог-сарапш ы	Педагог-модерат ор (%)	Педаг ог (%)	Санат сыз (%)
1	1	0	0	0	0	0%	0%	0%	0%	0%	100%	100%

Педагогтардың аттестаттаудан өту кестесі

№	Аты-жөні	Қызметі	2021- 2022	2022- 2023	2023- 2024
				педагог	
1	Халхабай Балдаурен	Тәрбиеші		педагог	

5.Педагогтердің кәсіби даму нәтижелерін талдау: өздігінен білім алу, әртүрлі деңгейдегі әдістемелік бірлестіктердің жұмысына, семинарларға, аттестаттауға қатысуы.

Жыл бойы педагогтар өздерінің педагогикалық тәжірибесін аудандық деңгейде көрсетіп бөлісті.

202-2023 оқу жылдары арасында біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагогтар көрсеткіші

№	Оқу жылдары	Педагогтар саны	Өрлеу	Бағдарлама атауы	%
1	2022-2023	1	1	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын күзiреттiлiгiн дамыту» 72 сағат	100

«Келешек» шағын орталығының балаларды дамыту бойынша атқарып жатқан жұмыстары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру процесінде педагогикалық-психологиялық сүйемелдеуді қолдау мақсатында психолог Асан Жанарай., «Алтын жүректі іздеу үшін сиқырлы орманға саяхат» тақырыбында балалармен жұмыс жасағанда ертегі терапиясын қолдану іс-шараларын ұйымдастыру әрекетімен бөлісті.

Жыл бойы мамандар мен белсенді ынтымақтастық жасалып , педагогтер қызметі ересектер мен балалардың бірлескен іс-әрекетінде,

тәрбиеленушілердің өзіндік іс-әрекетінде негізгі білім беру іс-әрекеті шеңберінде ғана емес, сонымен қатар режимдік сәттер барысында да білім беру міндеттерін шешуді қарастырды. Ойын барысында дәстүрлі (бақылау, әңгімелесу, салыстыру, мониторинг, жеке жұмыс), сонымен қатар дәстүрлі емес жұмыс әдістері (психогимнастика, саусақты гимнастика, тынысалу гимнастикасы, Денсаулық сақтау технологиясы элементтері және т. б.) қолданылды.

6. Ата-аналармен және қоғаммен жұмысты талдау. Жыл бойы топта ата-аналармен қарым-қатынас бойынша жүйелі жұмыс жүргізілді.

«Келешек»Шағын орталығында ата-аналарды білім беру қызметіне белсенді түрде тарту үшін жағдай жасалған. Отбасымен жұмыс бірнеше бағыттар бойынша құрылады:

- тәрбиеленушілердің отбасын зерттеу;
- ата-аналар арасында жоспарлы, белсенді түрде педагогикалық білімді тарату;
- отбасына бала тәрбиесінде тәжірибелік, психологиялық қолдау көрсету;
- қоғамдық және отбасылық тәрбиенің оң тәжірибесін насихаттауды ұйымдастыру;
- ата-аналарды педагогикалық қызметке тарту.

Бұл ата-аналарға балаларды мектепке дайындау мәселесінде олардың психологиялық және педагогикалық білімдерін арттыруға көмектеседі.

Осылайша, жұмыс ата-аналар мен педагогикалық процестің барлық қатысушыларының тығыз өзара әрекетіне құрылады, бұл бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз етеді және мектепке дейінгі жастағы баланың жан-жақты дамуы үшін жағдай туғызады. Ертеңгіліктер, мемлекеттік және күнделікті мерекелерге байланысты іске асатын іс-шаралар әрдайым қызықты, ұмытылмас шақтар. Денені шынықтыратын шаралар, байқаулар, интеллектуалдық ойындар шағын орталықтың басқа да мамандары атсалысуымен өтеді.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. Мысалы, «Қариялар күні» мерекесіне орай іс-шаралар жоспары жасалынып, «Менің сүйікті-ата-әжем» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында үйдегі ата-әжелерімен қызықты сәттер бойынша бейне түсірілім ұйымдастырылып, ересек топтар арасында «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтті. Сайысқа екі топтың аталары қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, балаларға баталарын берді. «Туған тілім-баға жетпес байлығым!» тақырыбына ортаңғы, ересек топ тәрбиеленушілері арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. «Республика күні!» күні қарсаңында мерекелік ертеңгілік өткізіліп, ата-аналар арасында патриоттық тақырыпта сурет сайысы өткізілді. Жылдық жоспарға сәйкес «Дене шынықтыру сауық-кештері», «Дене шынықтыру мерекелері» жылдық міндеттерге сай тақырыптары қойылып ұйымдастырылып отырды.

Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз сыйы» тақырыбына ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме, тақырыптық ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. Ортаңғы және ересек топ тәрбиеленушілері арасында «Кел, балалар оқылық...» атты мәнерлеп оқу сайысы, «Ойлаймыз да ойнаймыз» - фото көрініс өткізілді. «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, «Баланың үрейі» психолог кеңесі өткізілді. «Күз сыйы», «Тәуелсіздік күні!», «Жаңа жыл келді!», «Аналар мерекесі», «Наурыз жыл басы!», «Жол ережесін білейік, аман есен жүрейік!», «Татулық бірлікте! Халқым менің қонақжай!», «Ұлы Жеңіс күні!», «Отбасы күні!», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік іс-шаралары жылдық мақсат-міндеттерге сай ата-аналармен бірлесе отырып ұйымдастырылды.

«Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» (І кіші топ балаларын тамақтандыру). «Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка, «Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "балам неге кеш сөйлейді?, «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, шағын орталықтың негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар орталық және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды. Оқу жылының аяғында ата-аналар арасында «шағын орталық жұмысы жайлы Сіз не ойлайсыз?» атты сауалнама жүргізілді. Жалпы ата-аналар жиналысында және арнайы топтық отырысқа ата-аналардың 70 пайызы қатысып, аталған мәселелерге қатысты жоғары белсенділікті танытты.

Сауалнама парақтарын талдау келесі нәтижелерді көрсетті:

Сауалнамаға 94 % астам ата-ана қатысты:

- Сауалнамаға қатысушылардың 95% шағын орталық жұмысының жоғары бағалады;
- «Келешек» шағын орталық жұмысын орташа деп бағалаған ата-аналардың 5%.

7. Пәндік-дамыту ортасын жаңарту бойынша жұмыс.

Пәндік-дамыту ортасын (бұдан әрі – ПДО) жаңарту жөніндегі жұмыс: Тәрбиеленушілердің барлық жас ерекшеліктеріне ортақ талаптарға сүйене отырып педагогтар: физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары бойынша қауіпсіз, қолжетімді, таңдауы көп, мазмұнды, көп функциялы, өзгермелі, тартымды пәндік дамыту ортасын құрды.

Топта ПДО қайта құру бойынша нақты ұйымдастырылған жұмыс балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағымды әсер етті. Топ балалары мен ата-аналар педагогтермен бірге үлкен белсенділік танытты, қызықты идеялар берді, ойындар мен құралдар дайындауға қатысты.

8. Келесі жылға жалпы қорытындылар.

Проблемалар:

Кейбір ата-аналар тәрбиешілер кеңесіне құлақ аспайды және күн тәртібін бұзуды жалғастырады, балаларды балабақшаға кешіктіріп алып келеді; тәрбиеленушілер таңғы жаттығуды өткізіп алады, ол олардың физикалық дамуына қолайсыз әсер етеді.

Мониторинг нәтижелері бойынша әлі де болса коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда тәрбиеленушілердің сөздік қорлары аздау екендігін көрсетті.

Табыстар:

Балалар көптеген ертегілерді өздігінен айтып беруді үйренді.

Балалармен жұмыс жасаудың жаңа дәстүрлі емес әдістері меңгерілді. Театрлық іс-әрекеттер жобасы жасақталып, іске асырылды. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жұмыстары оң нәтижесін берді.

Қорытынды: барлық топтар мен мамандар қызметінің нәтижелері 2022–2023 оқу жылы ішінде жан-жақты талданды, жалпы жұмыстың мақсатты және тиімді жүргізілгендігі туралы қорытынды жасалды.

Өткен оқу жылында туындаған табыстар мен проблемаларды есепке ала отырып, келесі оқу жылына міндеттер белгіленді:

Барлық білім беру салалары бойынша балалармен мақсатты жұмысты жалғастыру.

Коммуникативтік білім беру бағыты бойынша балалармен жұмысты әрі қарай жалғастыра отырып, ата-налармен байланыс жасау жұмыстарын жетілдіру.

МЖМБС сәйкес топтық орын жайдың пәндік дамыту ортасын жетілдіруді жалғастыру.

Семинарлар, шеберлік сағаттарына қатысу, жас мамандарға қолдау ретінде ашық ұйымдастырылған ойын әрекеттерін ұйымдастыр, біліктілікті арттыру курстарында оқу арқылы кәсіби деңгейді арттыру.